

ISSN 2309-1177

Основан в 1991 году
Переименован в 2001г. и 2013г.

Периодичность 4 раза в год
№ 3 (18) 2017г.

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ



«ВЕСТНИК КАРАГАНДИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ИНДУСТРИАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА»

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры
и информации Республики Казахстан
(регистрационное свидетельство № 13579-Ж
от 30.04.2013г.)

Главный редактор – Б. Жаутиков
Ректор, доктор технических наук, профессор

КГИУ: НА ПУТИ К ГЛОБАЛЬНОЙ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Карагандинский государственный индустриальный университет, всецело поддерживая Послание Президента, где первым приоритетом обозначена ускоренная технологическая модернизация экономики, стремится создать систему подготовки кадров для новых индустрий с применением новейших цифровых технологий.

В этой связи, наш университет заинтересован в открытии Сетевой Академии Cisco, зарекомендовавшей себя как мировой лидер в области сетевых технологий.

По программе «IT Essentials – Основы информационных технологий» впервые прошли бесплатное обучение 62 преподавателя информатики средних школ и колледжей Карагандинской области. Переподготовку учителей на базе Карагандинского государственного индустриального университета (КГИУ) организовала Сетевая Академия Cisco Казахской академии инфокоммуникаций.



Американская транснациональная корпорация Cisco является мировым лидером в области сетевых технологий и инициатором программы по разработке и созданию простых в использовании и экономичных компьютерных сетей для учебных заведений. Как известно, для обслуживания и развития своих сетей работникам образования требуются соответствующие знания и навыки. Программа Сетевой Академии Cisco – это система электронного обучения, предоставляющая слушателям знания в области технологий Интернета, необходимые в условиях глобальной экономики. Она включает в себя доступные через Интернет материалы, инструменты оценки знаний, средства отслеживания академических успехов обучаемых, практические лабораторные занятия, а также курсы переподготовки преподавателей для получения профессиональных сертификатов. Система оценки знаний в Сетевой Академии, объединяющая множество интерактивных онлайн-экзаменов и практические испытания, позволяет, с одной стороны, оценивать и совершенствовать процесс обучения, а с другой – укрепляет ответственность слушателей и преподавателей за результаты обучения. Ежедневно в рамках программы Академии по всему миру проводится в среднем более тридцати тысяч онлайн-тестов.

Сетевая Академия Cisco, основанная 20 лет назад на базе 64 учебных заведений США, к настоящему времени распространилась на более чем 165 стран. Заинтересованным учебным заведениям присваивается статус Академии Cisco.

В целях исполнения Послания Президента РК, для внедрения элементов Четвертой промышленной революции и цифровизации экономики, Карагандинский государственный индустриальный университет в сотрудничестве с Сетевой Академией Cisco станет базовой площадкой внедрения новейших цифровых технологий и подготовки новых кадров с цифровыми навыками в Карагандинском регионе.

Наш университет обладает необходимой материально-технической базой для создания данной площадки по подготовке, повышению квалификации и переподготовке кадров. Нынешняя деятельность Академии Cisco в нашей стране – результат соглашения, подписанного правительством Казахстана, согласно которому Cisco будет поддерживать программу Digital Kazakhstan. В течение следующих трех лет Сетевая Академия намерена внедрить на территории страны целую серию обучающих программ.

Сегодня на рынке труда востребованы специалисты, имеющие не только фундаментальные знания, но и навыки работы на конкретном оборудовании. Cisco обладает большим опытом в подготовке высококвалифицированных ИТ-специалистов по программе Сетевой академии Cisco, а также методологическими и методическими наработками. Сотрудничество с этой компанией позволит нам системно и быстро реформировать образовательный процесс в нашей стране.

В перспективе дальнейшего сотрудничества КГИУ и Сетевой Академии Cisco ожидается открытие Карагандинского регионального центра Cisco на базе университета.

Теперь о международном сотрудничестве в области научно-исследовательской деятельности индустриального вуза. Недавно в стенах КГИУ прошла встреча профессорско-преподавательского состава с академиками и членами-корреспондентами Российской академии наук (РАН). Стороны выразили большую заинтересованность во взаимном сотрудничестве и отметили уникальность образовательного процесса Карагандинского государственного индустриального университета. Здесь имеется современная учебно-научная лабораторная база и единственная в Казахстане опытно-промышленная площадка с полупромышленными агрегатами и установками, включающая полный металлургический цикл. Всего в университете действуют 59 специализированных лабораторий, позволяющих студентам вести научно-исследовательскую работу на высоком уровне.

В настоящее время интеграция образования, науки и производства становится решающим фактором развития и роста конкурентоспособности национальной экономики. Уровень развития наукоемких технологий является характеристикой экономического развития и научно-производственного потенциала страны. Поэтому Карагандинский государственный индустриальный университет призван стать локомотивом дальнейшего развития науки, образования, инноваций и технологической модернизации металлургического кластера Казахстана.

С уважением, ректор КГИУ
Б.А. Жаутиков

Собственник: Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Карагандинский государственный индустриальный университет»

Редакционная коллегия

Жаутиков Б.А.	<i>Ректор РГП на ПХВ «Карагандинский государственный индустриальный университет», член-корреспондент Национальной Инженерной Академии РК д.т.н., профессор, главный редактор</i>
Айкеева А.А.	<i>Проректор по научной работе и международным связям РГП на ПХВ «Карагандинский государственный индустриальный университет», академический советник Национальной Инженерной Академии Республики Казахстан, к.т.н., доцент, зам. главного редактора</i>
Аменова А.А.	<i>Директор департамента науки, инноваций и международного сотрудничества, PhD, ответственный секретарь</i>
Сарекенов К.З.	<i>Академик Казахской Национальной академии естественных наук, член-корреспондент Национальной инженерной Академии РК, Лауреат Государственной премии РК в области науки и техники, д.т.н., профессор</i>
Тлеугабулов С.М.	<i>Профессор КазННТУ им. К.И. Сатпаева, Академик Национальной Инженерной Академии РК, д.т.н., профессор</i>
Байсанов С.О.	<i>Директор ХМИ им. Ж. Абишева, д.т.н., профессор</i>
Белов Н.А.	<i>Директор инжинирингового центра ИЛТМ при кафедре технологии литейных процессов Национального исследовательского технологического университета «Московский институт стали и сплавов», д.т.н., профессор</i>
Бутрин А.Г.	<i>Профессор кафедры «Экономика и финансы» Южно-Уральского государственного университета, д.э.н.</i>
Гун Г.С.	<i>Профессор кафедры «Машиностроительные и металлургические технологии» Магнитогорского государственного технического университета, д.т.н., профессор</i>
Павлов А.В.	<i>Профессор кафедры «Металлургия стали и ферросплавов» Национального исследовательского технологического университета «Московский институт стали и сплавов», д.т.н., профессор</i>
Richard Fabik	<i>Профессор кафедры «ОМД» Технического университета г. Острова, PhD</i>
Черный А.П.	<i>Директор Института электромеханики, энергосбережения и систем управления Кременчугского национального университета им.М. Остроградского, д.т.н., профессор</i>
Аманжол И.А.	<i>Заведующий кафедрой «Химическая технология и экология», д.м.н., профессор</i>
Андрейченко В.А.	<i>Заведующая кафедрой «Металлургия и материаловедение», PhD</i>
Гельманова З.С.	<i>Профессор кафедры «Менеджмента и бизнеса», к.э.н.</i>
Гуменчук О.Н.	<i>Заведующая кафедрой «История Казахстана и социально-гуманитарные дисциплины», к.полит.н.</i>
Жабалова Г.Г.	<i>Декан факультета «Энергетики, транспорта и систем управления», к.т.н., доцент</i>
Ким А.С.	<i>Главный научный сотрудник лаборатории «БОР» ХМИ им. Ж. Абишева, д.т.н.</i>
Кривцова О.Н.	<i>Заведующая кафедрой «Обработка металлов давлением», к.т.н.</i>
Мусин Д.К.	<i>Декан факультета «Металлургия и машиностроение», к.т.н., доцент</i>
Меркулов В.В.	<i>Доцент кафедры «Химическая технология и экология», к.х.н., профессор Российской Академии Естественных наук</i>
Ногаев К.А.	<i>Заведующий кафедрой «Технологические машины и транспорт», к.т.н.</i>
Нурумгалiev А.Х.	<i>Руководитель лаборатории инженерного профиля «Электронная микроскопия и нанотехнологии», д.т.н., профессор</i>
Сивякова Г.А.	<i>И.о. проректора по учебной работе РГП на ПХВ «Карагандинский государственный индустриальный университет», к.т.н., доцент</i>
Силаева О.В.	<i>Заведующая кафедрой «Экономика и финансы», к.э.н., доцент</i>
Чалая О.В.	<i>Директор департамента по академической политике, к.ф.-м.н.</i>
Филатов А.В.	<i>Директор научно-исследовательского института строительного производства, д.т.н., профессор</i>

Ответственный секретарь – Аменова А.А.
Технический редактор – Мухаметхан М.
Компьютерная верстка – Бактыбаева А.С.

Наименование типографии, её адрес и адрес редакции:

ЛОТ Карагандинского государственного индустриального университета, 101400 г. Темиртау, Карагандинская обл., пр. Республики 30.

СОДЕРЖАНИЕ

	стр.
Раздел 1. Металлургия. Технологии новых материалов	8
1.1 Б.А.ЖАУТИКОВ, А.А. АМЕНОВА, А.А. АЙКЕЕВА, О. МОНГОЛХАН, У.А. САДУАКАС, К. ТОЛУБАЕВ <i>Al негізіндегі қорытпалардың біркелкі емес кристалдануын есептеу</i>	9
1.2 А.Ф.ЧЕКИМБАЕВ, М.Ж.ТОЛЫМБЕКОВ , Н.Н. БУКАЕВ, И.Я. КОРСУКОВА, М.С. ЖҰМАШЕВ <i>Кристалдық кремниді балқытуда қолданылатын тотықсыздандырғыштардың электрлік параметрлері</i>	15
1.3 М.Ж.ТОЛЫМБЕКОВ , С. БАЙСАНОВ, А.Ф. ЧЕКИМБАЕВ, М.С. ЖҰМАШЕВ, И.Я. КОРСУКОВА <i>Ферросиликоалюминийді балқытудағы электр режимін оңтайландыру үшін тотықсыздандырғыштардың баламалы түрлерін пайдалану</i>	18
1.4 М.Ж. ТОЛЫМБЕКОВ , А.Ф. ЧЕКИМБАЕВ, М.Қ. САҒИДОЛЛА, Ж.М. ТӨРЕҒАЛИ, А.Б. ДЖҰМАҒАЛИЕВ. <i>Темірлімарганец кендерін жоғары температурада байытуды зерттеу</i>	22
1.5 М.Ж. ТОЛЫМБЕКОВ , А.Ф. ЧЕКИМБАЕВ, М.Қ. САҒИДОЛЛА, Ж.М. ТӨРЕҒАЛИ <i>Байытылған марганец шлактарын қолданып ферросиликомарганец балқыту</i>	27
1.6 I. SENYUK, A. ALCHIMBAEV, A. ARBUZ <i>The microstructure of austenitic stainless steel after the helical rolling</i>	31
1.7 В.А. АНДРЕЯЩЕНКО <i>К вопросу об упрочнении многокомпонентных сплавов системы Al-Cu</i> ..	37
Раздел 2. Машиностроение. Технологические машины и транспорт	43
2.1 С.С. АЙНАБЕКОВА, А.Б. ЕСБОЛАТ <i>Анализ технологий из изготовления втулок</i>	44
2.2 Г.С. ДАИРБЕКОВА, Е.Ж. ТЕМІРХАН <i>Электргидроимпульсті штамптау технологиясын қарастыру</i>	50
2.3 М.Е. НУРМАХАНОВ, К.А. НОГАЕВ, Л.И. УКТАЕВА <i>Анализ характера износа ковша фронтальных погрузчиков на основе моделирования напряженно-деформированного состояния с учетом температурных факторов</i>	55

Раздел 3. Строительство	60
3.1 Б.А. БАЗАРОВ, А.Н. КОНАКБАЕВА, Д.В. КУЗЬМИН, А.В. МЕЗЕНЦЕВА, А.Б. БАЗАРОВ <i>Численный анализ взаимодействия фундаментов с базовым внутриконическим обоснованием с подрабатываемым основанием в условиях полевого эксперимента</i>	61
3.2 Z. GELMANOVA, A. SMAILOVA, S. KAMAROVA <i>Occupational safety and health-as a part of the "Worker-operating equipment- operating environment"</i>	67
3.3 Б.А. БАЗАРОВ, А.Н. КОНАКБАЕВА, А.Б. БАЗАРОВ. <i>К вопросу исследования несущей способности усечённых конических фундаментов с выступающей пятой на подрабатываемых территориях Карагандинского региона</i>	72
Раздел 4. Энергетика. Автоматизация и вычислительная техника	79
4.1 Б.А. ЖАУТИКОВ, А.А. АЙКЕЕВА, Ф.Б. ЖАУТИКОВ, А.С. ЖАНАСБАЕВА, Ж. НҰРАДИНҰЛЫ <i>Скип қозғалысының математикалық моделін құрастыру</i>	80
4.2 Б.А. ЖАУТИКОВ, А.А. АЙКЕЕВА, Ф.Б. ЖАУТИКОВ, А.С. ЖАНАСБАЕВА, Ж. НҰРАДИНҰЛЫ <i>Определение размера воздушного зазора между электромагнитом скипа и электромагнитом направляющего устройства</i>	85
4.3 R.V. AGHGASHYAN, G.I. MARGAROV, V.V. YAVORSKIY <i>Engineering education quality assurance based on information technology</i>	91
4.4 G.A. SIVYAKOVA, L.G. LIMONOV <i>On the maximum speed of the coiler drive</i>	97
4.5 Е. ХУАНБАЙ, К.М. МАХАНОВ <i>Исследование влияния лазерного излучения на структуру пленок диоксида титана</i>	103
Раздел 5. Химические технологии. Безопасность жизнедеятельности ..	107
5.1 Z. GELMANOVA, A. SMAILOVA, S. KAMAROVA <i>The essence of the system of ecological standardization of environmental quality</i>	108
5.2 Ю.А. ШУЛЬГА, Е.В. НУГАИЕВА, А.Д. ГУТОРКА <i>Модернизация системы пожаротушения коксового цеха</i>	112
5.3 А.Қ. ҚАЛДЫБАЕВА, И.А. АМАНЖОЛ, Г.М. ЖУМАНАЗАРОВА <i>Сирек-жер және сілтілік-жер элементтері висмутиттерінің термодинамикалық көрсеткіштерін есептеу</i>	117
5.4 V.V. MERKULOV, O.A. RYAPOLOV, S.N. MANTLER <i>New catalytic system for industrial technology of tetrahydroindole production</i>	122

Раздел 6. Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины	127
6.1 Н. АБДИКАРИМ <i>Ғылыми-техникалық мәтіндердің ерекшеліктері</i>	128
6.2 О.Н. ГУМЕНЧУК <i>Политико-социализирующий механизм в контексте советской цивилизации</i>	132
6.3 А.К. ЖУНУСОВА <i>Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку в техническом вузе</i>	136
6.4 А.Ш. КЕНЕН <i>Мәселеге бағытталған тәсілдермен оқытудағы (PBL) орыс тілі сабақтарында қазақ мектебін бітірген студенттерінің ұжымшылдық және ынтымақтастық проблемасына қарасты</i>	141
6.5 З.С. ГЕЛЬМАНОВА, А.А. СМАИЛОВА, М.Б. ТУРАБАЕВА, А.Е. АЛДАБАЕВА <i>Анализ уровня консалтинговой и информационно-аналитической поддержки малого бизнеса</i>	146
6.6 А.Н. СИЛАЕВА, К.О. СИЛАЕВ, О.В. СИЛАЕВА <i>Математическое моделирование в менеджменте среднего бизнеса</i>	155
6.7 В.Г. ЧЕРКАШИН <i>К вопросу об отношении студентов Карагандинского государственного индустриального университета к религии</i>	165
6.8 N. KAN, D. YBRAY <i>Level approach to teaching a foreign language</i>	172
6.9 З.С. ГЕЛЬМАНОВА, А.С. ПЕТРОВСКАЯ, А.А. СМАИЛОВА <i>Система обеспечения устойчивого развития производственных систем</i>	175
6.10 М.А. ЛАТЫПОВА <i>Управление качеством дебиторской задолженности</i>	180
6.11 Л.В. ЧЕПЕЛЯН <i>Исследование влияния внешних факторов на систему стимулирования труда</i>	184
Правила оформления и предоставления статей	191

Раздел 1

**Металлургия.
Технологии новых
материалов**

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

МРНТИ 53.37.29

Б.А. ЖАУТИКОВ¹, А.А. АМЕНОВА¹, А.А. АЙКЕЕВА¹,
О. МОНГОЛХАН¹, У.А. САДУАКАС¹, К. ТОЛУБАЕВ¹

¹(Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Теміртау к., Қазақстан)

AL НЕГІЗІНДЕГІ ҚОРЫТПАЛАРДЫҢ БІРКЕЛКІ ЕМЕС КРИСТАЛДАНУЫН ЕСЕПТЕУ

Андатпа. Бұл мақалада алюминий негізіндегі үш компонентті қорытпаның біркелкі емес кристалдануда дендритті ұяшықтардағы кристал ішілік ликвация сипаты тәжірибелік және есептік жолмен зерттелді. Сұйық және қатты ертінділердің салыстырмалы саны мен құрамының өзгеруі, сонымен қатар таңдалған диффузиялы модельмен дендритті ұяшықтың қимасы арқылы ликвидус температурасының өзгеруі есептелді. Сәйкесінше, қорытпалардың суу жылдамдығына байланысты қатты фазаның салыстырмалы санының өзгерісі есептелді.

Түйін сөздер: ликвация, біркелкі емес кристалдану, алюминий қорытпалары, ликвидус температурасы.

Көпкомпонентты қорытпадағы біркелкі емес кристалдану кезінде қатты ертіндінің алғашқы кристалдары немесе аралық фазада легірлеуіш элементтер мен кірінділерде кристалл ішілік ликвация пайда болады. Бұл ретте қорытпалардың фазалық құрамы мен құрылымы, қасиеті өзгеруі мүмкін: жаңа артық фазалардың пайда болуы мүмкін, эвтектикалық және перитектикалық, тағы да басқа айналымдар жүруі мүмкін. Артық фаза кристалдарының дендритті ликвация деңгейі, саны, өлшемі және кристалл пішіні қорытпаның ең маңызды сипаттамасы болып есептеледі, себебі көп жағдайда термиялық өңдеу кезінде жүретін олардың негізгі механикалық және технологиялық қасиеттері мен құрылымдық айналымдардың кинетикасын анықтайды. Алайда, әр түйір аралығындағы дендритті ликвацияны тәжірибе жүзінде зерттеу өте қиын және көп еңбекті талап етеді. Осыған байланысты, көпкомпонентті қорытпаның біркелкі емес кристалдану үрдісінде есептеудің термодинамикалық әдісі кеңінен қолданылады [1].

Біркелкі емес кристалданудың негізгі физикалық ұғымын белгілі кеңес ғалымдары А.А. Бочвар және А.А. Байков зерттеді [2]. Дендритті ликвация дәрежесі мен құйылған қорытпа құрылымы қатты және сұйық фазадағы диффузиялық үрдістердің толық жүруімен байланысты. Кристалдану үрдісінде қатты фазада компоненттерді қайта бөлу сұйық фазаға қарағанда біршама баяу жүреді. Қатты фаза мен балқымада диффузиялы үрдістердің жүруішектелуі болғандықтан, тепе – тең жағдайда жүйенің ауытқу әсерін ескеру үшін, ертінділердің әр түрлі термодинамикалық моделі қолданылады.

А. Крупковский [3] өз жұмысында қатты және сұйық фаза үшін әр түрлі диффузиялы модельдерді қолдана отырып, қорытпалардағы кристалл ішілік химиялық біртектілікті зерттеудің есептеу әдісін ұсынды. Яғни зерттелетін жүйе үшін күй диаграммасында ликвидус және солидус сызығы белгілі, сонымен қатар легірлеуіш элементтердің тарату коэффициентінің шоғырлану тәуелділігі бар деп болжанады. Үш және одан көп жүйелі қорытпалар үшін басқа зерттеулер жүргізілмеді, себебі мұндай жүйеге сәйкес келетін фазалық диаграмма мен легірлеуіш элементтер, қоспа коэффициентінің шоғырлану тәуелділігі белгісіз.

[4] автор жұмысында көпкомпонентті жүйе үшін қорытпалардың біркелкі емес кристалдану әдісі ұсынылды, яғни дендритті ұяшық қимасы арқылы қоспа мен компоненттердің таралуын сандық тұрғыда есептеуге, қатты ертінділердегі кристалдану басталатын температура өзгеруін есептеуге, біркелкі емес кристалдану үрдісінде қатты және

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

сұйық фазаның салыстырмалы саны мен химиялық құрамын, сонымен қатар олардың жылдамдығы мен жалпы ұзақтығын есептеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдісі. Үш жүйелі Al – Mg – Zn қорытпасын дайындау үшін бастапқы материал ретінде алюминий А99, магний Mg98, мырыш Ц0 қолданды. Алғашқы температурада алюминийді балқытып, содан соң мырыш пен алюминий фольгасына оралған магнийді енгіздік. 700°C температурада 10 минут ұстаған соң, қорытпа мыс құйымқалыбына құйылды. Суыту жылдамдығы 1-1,5 град/сек құрады. Дендритті ұяшықтардың орташа өлшемі 25 мкм болды. Зерттелген қорытпалардың химиялық құрамы кестеде келтірілген.

Дифференциалды термиялық талдау «Q - 1000» дериватографында жүргізілді. Солидус температурасы мен үш фазалы түрленуді анықтау үшін, үлгіні қыздыру термограммасы түсірілді, яғни олар төрт фазалы перитектикалық немесе үш фазалы эвтектикалы түрлену температурасы 5–10°C-та алдын-ала тепе-теңдікке келтірілген.

1 – Кесте. Зерттелген қорытпалардың химиялық құрамы

Қорытпа №	Құрамы, % масса бойынша	
	Zn	Mg
1	0,65	0,62
2	4,02	0,85
3	4,60	1,60
4	3,60	4,30
5	6,0	2,8

Қорытпалардың фазалық құрамы мен құрылымы МИМ-7 оптикалық микроскопта зерттелді. Легірлеуіш компоненттерді дендритті ұяшық қимасымен бөлу, растрлы электронды микроскоппен жергілікті микрорентгенді талдау әдісі мен есептеу әдісі бойынша анықталды.

Есептеу кезінде қорытпаның біркелкі емес кристалдануы, әрбір кристалдану кезеңінен қалған, сұйық фаза құрамымен сәйкес келетін қорытпаның кристалдану сәтінің бастапқы суммасымен анықталады. Бартон, Прим және Сликхор [5] теориясына сәйкес кристалл шекарасында – сұйық ерітінді қатты және сұйық фаза аралығында тепе-тең күйде болады. Сәйкесінше, қатты фазаның алғашқы кристалдары кез-келген кристалдану үрдісінде тепе-тең күй диаграммасына сәйкес келетін құрамда болады. Бұл жағдайда біркелкі емес кристалдану үрдісінің кез-келген кезеңін сипаттау үшін, қорытпаның тепе-тең кристалдану жағдайында тендеуді қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелері. Al-Zn-Mg қорытпа жүйесін дендритты ұяшық қимасымен легірлеуіш компоненттерін бөлу қисығын есептеу [6] жұмыста ұсынылған әдіспен жүргізілді. Есептеу арнайы ЭВМ бағдарламасымен мына жағдайлар үшін есептелді: қатты фазадағы диффузия толығымен жойылып, сұйық фазада толығымен құрамын түзеп үлгереді; сұйық фазада шектеулі, ал қатты фазада толығымен жойылады.

Екінші жағдайда сұйық фазада диффузия шектеулі болғандықтан, кристалдану аумағында легірлеуіш компоненттермен байытылған, алюминийдің балку температурасын төмендететін сұйықтық қабаты пайда болады. Сондықтан кристал шекарасында – сұйық ерітіндіде легірлеуіш компоненттерді бөлудің коэффициенті шамасы жақсы болады.


1, 2 - суреттерде зерттелген қорытпалардың дендритті ұяшық қимасында магний мен мырыштың бөліну қисығының есептік және тәжірибелік әдісі көрсетілген. Суретте көрсетілгендей, қатты фазадағы диффузияның толығымен жойылуы және сұйық фазада оның үздіксіз жүруі, дендритті ұяшықтың орталық аймағында құрамын анықтаудағы есептік мәліметтер тәжірибе нәтижесімен сәйкес келеді. Яғни бұл кристалдану үрдісінің бастапқы кезеңінде алғашқы түскен кристалл тепе-тең күйге жақын [7].

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

Есептеуге сәйкес, дендритты ұяшықтардың шекаралас ауданы легірлеуіш компоненттермен өте көп байытылған және осыған сәйкес есептеу қисығы осы аймақта тәжірибелікке қарағанда анағұрлым жоғары жатыр. Коэффициентті бөлуде мырышқа қарағанда магний толығымен сәйкес келеді. Ал өте тар шекаралас аймақта магний мен мырыштың концентрациясы ұяшық орталығының құрамынан асып түседі.

Сонымен бірге суретте сұйық және қатты ерітіндіде таңдалған диффузиялы моделінің дендритты ұяшық кимасындағы ликвидус температурасының өзгеруі көрсетілген. Мұнда жоғарыда аталып кеткендей, екі сипаттамалы аймақ айқын анықталды.


Қатты фазаның алғашқы туып тектері (зародыш) қорытпа құрамының тепе-тең ликвидус температурасында кристалданады. Қатты ерітіндідегі кристалдың кезекті қабатының ликвидус температурасы, қорытпа компонентінің бөлу коэффициенті өзгеруімен осы кристалл қабаты біртіндеп төмендейді. Легірлеуіш компоненттің концентрациясы қаншалықты көп болса, кристалл орталығына соғұрлым жақын болатын ликвидус температурасын төмендетеді. Сондықтан легірлеуіш компоненттер мен қоспалар жинақталатын тар шекара аумағында, әрбір сұйық фаза кенеттен төмендеп, кезекті бөлігінде кристалдану температурасы басталады және сұйықтық кристалдануының соңғы бөлігі таңдалған диффузиялық модельге сәйкес көпкомпонентті жүйеде үш фазалы түрлену температурасында аяқталуы керек.



1 – Сурет. Mg мен Zn бөліну қисығы. Қорытпа Al + 2,86 ат. % Mg + 2,54 ат. % Zn

Сонымен қатар, 2 суретте кристалдану уақытына (кристалдану температурасы) сәйкес қатты фазаның салыстырмалы үлесінің өзгеруін көрсететін есептік қисық келтірілген және кристалдану үрдісінің әр кезеңінде қатты фазаға айналатын сұйық фаза үлесінің өзгеруін көрсететін қисық келтірілген. Кристалдану жылдамдығының өсуімен қатты фазаның салыстырмалы саны тез өседі және берілген құрам бойынша қорытпаның толықтай кристалдану уақыты азаятыны көрініп тұр.

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»




2 – Сурет. Mg мен Zn бөліну қисығы. Қорытпа Al + 2,28 ат. % Mg + 1,88 ат. % Zn

Бұл жұмыста сұйық фазадағы диффузия үрдістерінің шектеуін ескере отырып, зерттелетін қорытпаның дендритті ликвациясын есептеу жүргізілді. Зерттелетін қорытпаның дендритті ұяшық қимасының легірлеуіш элементтерін бөлудің тәжірибелік бағалауын жергілікті микрорентгеноспектральды талдаумен зерттелді.

Бұл жағдайда есептеу кезінде біркелкі компоненттерді бөлу коэффициенттерінің орнына сәйкес келетін тиімді коэффициенттер қолданылды.

Қарастырылатын диффузиялы модельді есептеу нәтижесі есептік және тәжірибелік қисықтар сәйкес келетінін көрсетті. Тек тар шекаралас аймақта есептік қисықтар сәл жоғарыда жатыр. Алайда, 3 суретте көрсетілгендей, бұл облыста үш фазалы эвтектикалық түрлену мен дендритті ұяшықтың тәжірибелік белгілі өлшемдері ($\Gamma_{эксп}$), Γ_0 аз болуы керек.

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»



3 – Сурет. Al – Mg – Zn жүйесінің беттік ликвидусы. № 10 – 14 қорытпаларындағы біркелкі және біркелкі емес кристалдану үрдісіндегі сұйық фазаның өзгеруі.
Есептік сызықтар

Қорытынды. Микрорентген-спектральды талдау әдісі мен есептеуде Al – Mg – Zn жүйесіндегі қорытпаның дендритты ұяшық қимасымен компоненттерді бөлу қисығы тұрғызылды. Қорытпаны жылдам суыту кезінде кристалдану температурасы мен жалпы ұзақтығы өзгереді, сонымен бірге қорытпаның фазалық құрылым құраушының салыстырмалы саны мен түйірдің әр түрлі қабаттарында кристалдану температурасы басталады. Дендритті ұяшық шекарасы компонент пен қоспалармен қатты байытылған. Көптеген жағдайларда қорытпаның фазалық құрамы мен құрылымы өзгереді және жаңа калдық фазалар пайда болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Amenova A., Smagulov D. New method of phase transformations calculation in metals with structural features of the initial and new phases // International Journal “Advanced Materials Research”. Indexed in Scopus. – 2013. - P. 148-151.
- 2 Вайнгард У. Введение в физику кристаллизации металлов. / под ред. Я.С. Уманского – М.: Изд-во «Мир», 1967. – 170 с.
- 3 Krupkovski A., Adamski. Bulletin de l'Academie Polonaise des sciences ser. Sci. tech. 1961, vol. IX. №12, 723.
- 4 Смагулов Д.У. Автореферат докторской диссертации, Москва, 2001 г.
- 5 Burton I.A., Prim R.C., Slichter W.P. – J. Chemical Physics. – 1953. – V. 21. – P. 1987.
- 6 Белов Н.А. Количественный анализ фазовой диаграммы Al–Zn–Mg–Cu–Ni в области составов высокопрочных никелинов // Изв. вузов. Цв.мет. - 2010. - №3. - С.45-52.
- 7 Белов Н.А., Белов В.Д., Алабин А.Н., Мишуrow С.С. Экономнолегированные алюминевые сплавы нового поколения // Metallurg. – 2010. - №5. - С. 62-66.

Б.А. Жаутиков, А.А. Аменова, А.А. Айкеева, О. Монголхан, У. Садуакас, К. Толубаев

Расчет неравновесной кристаллизации сплавов системы на основе Al

Аннотация. Экспериментально и расчетным путем изучен характер внутрикристаллитной ликвиции в дендритных ячейках при неравновесной кристаллизации трехкомпонентных сплавов на основе алюминия. Рассчитано изменение составов и относительных количеств

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

твердых и жидких растворов, а также изменение температуры ликвидуса по сечению дендритной ячейки при выбранной диффузионной модели. Рассчитано изменение относительного количества твердой фазы в зависимости от скорости охлаждения сплавов.

Ключевые слова: ликвация, неравновесная кристаллизация, алюминиевые сплавы, температура ликвидуса.

B.A. Zhautikov, A.A. Amenova, A.A. Aykeeva, O. Mongolhan, U. Saduakas, K. Tolubaev

Calculation of non-equilibrium crystallization of based on Al system alloys

Abstract. The character of intracrystallite liquation in the dendrite cells after non-equilibrium solidification of aluminum ternary alloys has been studied by experimental and calculation way in this work. There were calculated the changes of the compositions and relative amounts of solid and liquid solutions, and the liquid's temperature's change over the cross section of the dendritic cell at the chosen diffusion model. Also it was calculated the change in the relative amounts of the solid phase, depending on the cooling rate of the alloys.

Key words: segregation, non-equilibrium crystallization, aluminum alloys, the liquid's temperature.

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

МРНТИ 53.03.07

А.Ф. ЧЕКИМБАЕВ¹, М.Ж. ТОЛЫМБЕКОВ¹, Н.Н. БУКАЕВ²,
И.Я. КОРСУКОВА¹, М.С. ЖҰМАШЕВ²

¹(Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институты, Қарағанды қ., Қазақстан)

²(Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан)

**КРИСТАЛДЫҚ КРЕМНИДІ БАЛҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ТОТЫҚСЫЗДАНДЫРҒЫШТАРДЫҢ ЭЛЕКТРЛІК ПАРАМЕТРЛЕРІ**

Андатпа. Кристалдық кремни балқыту кезінде көміртекті тотықсыздандырғыштарға сапасы жағынан қойылатын талаптардың бірі электрлік кедергіге байланысты. Электр параметрлерінің жақсы көрсеткіші кейінгі балқытып алынатын кристалдық кремнидің сапасына әсері зор. Бұл мақалада көміртекті материалдың осы қасиеті әр түрлі тотықсыздандырғыштарда зерттеледі. Алынған нәтижелер ағаш көмірін толықтай немесе жартылай алмастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге кристалдық кремни өндірісін оңтайландыруға жол ашады.

Түйін сөздер: Тотықсыздандырғыш, меншікті электр кедергі, ағаш көмір, жоғары жалынды көмір, мұнай коксы, арнайы кокс.

Кремниді электрлі балқыту кезінде әр түрлі көміртекті құрамды пайдалы қазба немесе өсімдік текті материалдар қолданылады. Кремний және оның қорытпаларының өндірісі кезінде көміртекті тотықсыздандырғыштарға келесідей арнайы талаптар қойылады:

- күл мен ұшқыш заттардың аз мөлшерде болуы;
- жоғарғы реакциялық қабілеттілік;
- жоғарғы механикалық беріктілік;
- жоғарғы электрлік кедергілік.

Техникалық кремний өндірісіндегі тәжірибе барысында бұл талаптарға ағаш көмір, кейбір азкүлді тас көмірлер және ағаш жоңқалары ие. Алайда, аталған барлық материалдар, жеке дара, қажетті тотықсыздандырғыштың талабына сай келмейді. Олары әр түрлі мөлшерде комбинерлеу арқылы кремнидің тотықсыздану үрдісінің жақсы өтуіне қол жеткізуге болады [1].

Металлургиялық кокс, антрацит, тас көмір секілді кеңінен таралған көміртекті тотықсыздандырғыштар құрамында күл мөлшерінің жоғары болуына байланысты (10% және оданда жоғары) оларды кремний өндірісінде қолданбайды. Бірақ, өндірістік сынақтар көрсетіп отырғандай, метаморфизмнің төменгі сатылы тас көмірлер және төменгі күлділікті қоңыр көмірлер, ұшқыш емес көміртегі мөлшерінің жоғарғылығымен сипатталатын, басқада тотықсыздандырғыштармен қоспасы ретінде кремниді балқыту кезінде қолдануға болады [2].

Жоғарыда атап өткендей, кремний өндірісінде, метаморфизм сатысы төмен және де дәстүрлі тотықсыздандырғыштарды толығымен немесе бөлшектей алмастыра алатын пайдалы қазбалы көмір немесе термоөңдеу жолымен кокстелген тотықсыздандырғыштар, тәжірибелік қызығушылықты туғызады. Бұндай қатты тотықсыздандырғышқа Д маркалы көмірден алынатын кокстың түрі – арнайы коксты жатқызуға болады. Арнайы коксты Шубаркөл көмірінен 900-1000°C температура кезінде үздіксіз немесе үздікті агрегаттарда жоғары жылдамдықты термототықтыру арқылы алады.

Бірінші кестеде тәжірибелік жолмен алынған тотықсыздандырғыштардың меншікті электр кедергісі көрсетілген. Тәжірибе «Тамман» пешінде 100-1000°C аралығында салыстырмалы шартпен жүргізілді.

Меншікті электр кедергісін анықтау мақсатында ағаш көмірдің, жоғары жалынды

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»


«Шұбаркөл» көмірінің, арнайы кокстың және мұнай коксының фракциясы + 3 – (– 4) сынамалары алынды.

Зерттеу жұмыстары зертханалық «Гамман» электр пешінде көмірлі қыздырғыштармен жүргізілді. Пеш атмосферасы төмен тотықсыздандырғышты. Бастапқы сынама диаметрі 40 мм болатын графитті электродтар арасында алундты түтікшеде орналасқан. Өндірістегі электр пешіндегі шихта бағанасының қысымын моделдеу үшін сынамаға, тұтқырға жүк іліну арқылы, 28г/см² күш түсірілді. Зерттеу, кернеуі 3 В және шектеулі ток жүктемесі 2,5 А болатын, тұрақты ток көзін қолдану арқылы жүргізілді. Үлгілердің қыздырылуы 22°C бастап құрылғының 2,5 А шегіндегі соңғы көрсеткішіне дейін орындалды [3].

Ток күшінің көрсеткішін бекітілуімен бірге сынамалардың температураға қатысты отырғызылуы өлшенді. Бірінші кестеде меншікті электр кедергінің (МЭК) температураға тәуелділігінің нәтижесі көрсетілген.

1 – Кесте. Тотықсыздандырғыштардың меншікті электр кедергісі

Температура, °С	Меншікті электр кедергісі, ом·см			
	Ағаш көмір	Жоғары жалынды көмір	Мұнай коксы	Арнайы кокс
100	1272,973	37680000	37680000	331,7807
200	242,471	37680000	37680000	130,6659
300	164,2546	37680000	37680000	91,99219
400	108,3381	37680000	37680000	63,71742
500	66,17492	2355000	37680000	43,56573
600	31,49843	1922,449	1507200	30,30827
700	8,825183	12,4455	98,02289	21,46244
800	3,538028	6,354962	7,442963	14,5908
900	2,774669	6,0288	6,0288	9,929628
1000	2,691429	4,186667	1,860741	8,297438



1 – Сурет. Тотықсыздандырғыштың меншікті электр кедергісінің температураға тәуелділігі

Тәжірибеден алынған мәліметтерден көріп отырғанымыздай жоғары жалынды көмір мен мұнай коксы 600°C температурасына дейін электр кедергісі жоғары. Ал арнайы кокс пен ағаш көмір 200°C температурадан бастап салыстырмалы төмен көрсеткішке ие. Және де температураның өсуімен арнайы кокс пен ағаш көмірдің электр кедергісі баяу төмендеді. 800°C және оданда жоғары температурада арнайы кокстың басқа сынамалармен

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

салыстырғанда электр кедергісінің мәні жоғары болды. Ағаш көмірдің, мұнай коксының және жоғары жалынды көмірдің электр өткізгіштігі 700°C ден бастап айтарлықтай байқалды және 800°C температурадан кейін жоғарылады.

Үлгілердің ішіндегі ең жоғарғы шөгуге жоғары жалынды көмір мен мұнай коксы ие, сәйкесінше 33 % және 22%. Ал ағаш көмір мен арнай кокстың көрсеткіші 5,5 % аспайды.

Алынған нәтижелерге көз жүгіртіп өтсек, 800-1000°C температура аймағында әлде қайда жоғары және тұрақты электр кедергісіне арнай кокс ие. Жоғары жалынды көмірдің 700°C температурадан бастап жоғары электр өткізгіштігі оның бетінде ұшқыш заттардың ыдырауынан пайда болатын көміртегінің пирофорының түзілуіне байланысты. Бұл мұнай коксіне де қатысты.

Жүргізілген тәжірибенің нәтижесі, зерттелген барлық тотықсыздандырғыштырдың кристалдық кремний балқыту үрдісінде қолдануға мүмкіндігін көрсетті. Алайда арнайы коксты қолдану кезінде онымен бірге, күлділігі төмен, мұнай коксын және ағаш жоңқасын қосу қолайлы болады. Ал жоғары жалынды көмірді қолдану барысында ағаш жоңқасының аз мөлшері тиімді нәтижеге алып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мизин В.Г., Серов Г.В. Углеродистые восстановители для ферросплавов. - М.: Металлургия, 1976. - 272 с.
- 2 Венгин С.И., Чистяков А.С. Технический кремний. - М.: Металлургия, 1972.- 136 с.
- 3 Жучков В.И. Методика определения электрического сопротивления кусковых материалов и шихт / В.И. Жучков, А.С. Микулинский // Экспериментальная техника и методы высокотемпературных измерений. – М.: Наука, 1966. – С. 43.

А.Ф. Чекимбаев, **М.Ж. Толымбеков**, Н.Н. Букаев, И.Я. Корсукова, М.С. Жұмашев

Электрические параметры восстановителей при выплавке кристаллического кремния

Аннотация. Одна из предъявляемых условий к углеродистым восстановителям при выплавке кристаллического кремния является электрическое сопротивление. Высокое или низкое проявление этого параметра непосредственно влияет на качество кристаллического кремния. В данной статье приведены электрические параметры некоторых углеродистых восстановителей. Полученные нами данные позволяют полностью или частично вывести древесный уголь, как восстановителя, из производства кристаллического кремния. И позволяет делать более практичным производства кристаллического кремния.

Ключевые слова: восстановитель, удельное электрическое сопротивление, древесный уголь, высоко пламенный уголь, нефтяной кокс, спецкокс.

A.F. Chekimbaev, **M.Zh. Tolymbekov**, N.N. Bukayev, I.Ya. Korsukova, M.S. Zhmashev

Electrical parameters of reducing agents in the melting of crystalline silicon

Abstract. One of the conditions imposed on carbonaceous reductants in the melting of crystalline silicon is electrical resistance. A high or low manifestation of this parameter directly affects the quality of crystalline silicon. This article lists the electrical parameter of some carbonaceous reductants. The data obtained by us allows one to completely or partially remove charcoal, as an insurgent, from the production of crystalline silicon. And allows you to make more practical the production of crystalline silicon.

Key words: reducing agent, specific electrical resistance, charcoal, high flame coal, petroleum coke, special coke.

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

МРНТИ 53.37.91

М.Ж. ТОЛЫМБЕКОВ¹, С. БАЙСАНОВ¹, А.Ф. ЧЕКИМБАЕВ¹, М.С. ЖҰМАШЕВ²,
И.Я. КОРСУКОВА¹

¹(Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институты, Қарағанды қ., Қазақстан)

²(Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан)

**ФЕРРОСИЛИКОАЛЮМИНИЙДІ БАЛҚЫТУДАҒЫ ЭЛЕКТР РЕЖИМІН
ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮШІН ТОТЫҚСЫЗДАНДЫРҒЫШТАРДЫҢ БАЛАМАЛЫ ТҮРЛЕРІН
ПАЙДАЛАНУ**

Андатпа. Бұл мақалада ферросиликоалюминий қорытпасын балқыту барысында түзілетін шаңды брикет жасау арқылы екінші өнім ретінде өндірісте пайдалану мақсатында дәстүрлі үрдістегі тотықсыздандырғыштың меншікті электр кедергісімен зертханалық тәжірибелер нәтижесінде салыстырулар жүргізілгендігі көрсетілген. Нәтижесінде қалдық ретінде қалған шаңды брикет жасай отыра өндіріске қайтару арқылы экологиялық және экономикалық мәселелердің шешімін тауып, сондай-ақ балқыту үрдісінің электр режимін оңтайландыратын шикізат алынды.

Түйін сөздер: ферросиликоалюминий шаңы, брикет, меншікті электр кедергі, Тамман пеші, газ тазартқыш.

Ферросиликоалюминий (ФСА) – болат өндірісінде қышқылсыздандырғыш ретінде, сондай-ақ ферроқорытпа өндірісінде қиын тотықсызданатын металдарды балқытуда кешенді тотықсыздандырғыш ретінде пайдаланылатын, Si және Al күшті қышқылсыздандырғыштарынан құралатын кешенді ферроқорытпа болып табылады. Ферросиликоалюминийді шикіқұрам материалдары ретінде аса күлді көмір және кварцитті қолдану арқылы балқытады. Осы технология Қазақстан ғалымдарының тәжірибе жүргізу нәтижесінде бекітілген.


ФСА балқыту кезінде шихтадағы жауапты санында кремний мен алюминийдің жоғалуы 20-25% ға дейін жетуі мүмкін. Осы кремний мен алюминийден құралған шаң мата сүзгілерінде жиналады. Сондықтан, шаңды қайта өңдеу және оның жалғасын пайдалану Қазақстан Республикасындағы кремний-алюминийлі балқымалардың кешенді өндірісіндегі көлемінің үлкейуіне қызығушылық тудырады. Газ тазартқыштарында түзілетін шаң құрамында SiO₂ 73-75%, Al₂O₃ 20-25% болады, ал бұл қайта өңдеу үшін маңызды шикізат құрайды [1]. ФСА өндірісіндегі шаң қалдықтарын өңдеудегі негізгі бағыты өндіріске кесектелген шикізат түрінде қайтару болып табылады. Осы мақсатта зерттеу жұмысы ФСА өндірісінің шаңын арнайы кокспен араластыра отырып брикет жасау арқылы өндіріске қайтаруға және балқыту үрдісінің электр режимін оңтайландыру мақсатында тотықсыздандырғыш ретінде пайдалануға негізделген. Осыған байланысты, шаңнан жасалған брикеттер мен Борлы кен орнының жоғары күлді көмірінің электрофизикалық қасиеттерін зерттей отырып, салыстырулар жүргізілді. Ғалымдар жүргізген тәжірибелердің нәтижелері бойынша Борлы көмірі басқа жоғары күлді көмірлерге қарағанда өзінің электрофизикалық қасиеттерінің, соның ішінде меншікті электр кедергісінің жоғары болуына байланысты зертханалық тәжірибелер осы көмірмен салыстыра отырып жүргізілді.

Аталған көмір мен брикеттердің меншікті электркедергісін зерттеу Урал металлургия институтының әдісімен жүргізілді [2].

Электр кедергіні анықтауға арналған құрылғы 1 – суретте көрсетілген. Құрылғының негізгі бөлігі диаметрі 40 мм болатын алунд түтікшеден (2) және оның ішіне орнатылған графит электродтарынан тұрады (4,5). Төменгі электрод қозғалмайтындай етіп бекітілген, ал

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»


жоғарғы электродтың жүк әсерінен шикіқұрамның шөгуі кезінде түсіп-көтерілуге мүмкіндігі бар. Жүк әрқашан да жоғарғы электродты зерттелетін материалға қысып тұрады. Соның арқасында материалмен тығыз байланыс орнатылады, бұл жағдай ферроқорытпа пеш ваннасындағы шикіқұрамның қысымын моделдеуді қамтамасыз етеді. Қыздыру графит түтікшесінің кедергісі есебінен туындайды. Тоқтан оқшаулау үшін алундты түтікке салынған термопара (7) төменгі электродта орналасады. Көмірлі жүктеме ішіндегі температура вольфрам-рений термопарасымен өлшенеді. Тәжірибе барысында әр 100°С сайын белгіленіп отырып, осы температура көрсеткіштеріне сәйкес тоқ күші анықталды. Электродқа тұрақты тоқ көзінен 3В кернеу жүргізілді.



1 – электр пеші; 2 – алунд түтікшесі; 3 – зерттелетін материал; 4 және 5 – графитті электродтар; 6 – тұрақты тоқ көзі; 7 – вольфрам-ренийлі термопара (BP5/20); 8 – көмірлі қыздырғыш; 9 – жүк; 10 – микрометр

1 – Сурет. Материалдардың меншікті электр кедергісін анықтауға арналған құрылғы

Шаннан жасалған брикеттер мен Борлы көмірінің салыстырмалы меншікті электр кедергісі 2-суретте және 1- кестеде келтірілген.



2 – Сурет. Тотықсыздандарғыштардың меншікті электр кедергісінің температураға тәуелділігі

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

Төмендегі 1-кестеде келтірілген тәжірибелік талдау деректерінен Борлы көміріне қарағанда шаңнан жасалған брикеттердің меншікті электр кедергісінің анағұрлым жоғары екендігін байқаймыз. Оның үстіне, төмен температураларда (1073-1173 К) брикет пен көмірдің меншікті электр кедергісі айтарлықтай ерекшеленеді. Температураның жоғарылауымен олардың электр өткізгіштігі төменеді.

1 – Кесте. Шаңнан жасалған брикеттер мен Борлы көмірінің меншікті электр кедергісінің мәні

Температура, К	Шаңнан жасалған брикеттің меншікті электр кедергісі, Ом·см	Борлы көмірінің меншікті электр кедергісі, Ом·см
1073	396,63	170,00
1173	68,57	43,65
1273	32,62	20,89
1373	26,19	9,33
1473	7,85	5,25

Осылайша, алынған нәтижелер көрсеткендей, ферросиликоалюминий балқыту кезінде қолданылатын шикіқұрам материалдарының төмен температураларда электр өткізгіштігінің азаюы және электродтың отыруының тұрақтандырылуы мен қолданылатын электр пешінің қуаттылығының жоғарылауын негіздеу үшін шаңнан жасалған брикеттердің меншікті электр кедергісі онтайлы екендігін байқаймыз. Сонымен қатар, жүргізілген зерттеулер ферросиликоалюминий өндірісіндегі газ тазартқыштарда түзілген шаңдарды металлургиялық өндірісте брикет жасау арқылы жою мүмкіндігін көрсетті.

Қорытынды: Ферросиликоалюминийді балқыту барысында газ тазартқыштарда түзілетін шаңның меншікті электр кедергісіне Тамман пешінде зертханалық тәжірибелер жүргізу арқылы екінші өнім ретінде өндіріске қайтару мүмкіндігі артты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Чекимбаев А.Ф., Шабанов Е.Ж., Байсанов С.О. Исследование свойств пыли газоочистки производства ферросиликоалюминия. ХМИ им. Ж. Абишева. Караганда. 2013.

2 Жучков В.И. Методика определения электрического сопротивления кусковых материалов и шихт / В.И. Жучков, А.С. Микулинский // Экспериментальная техника и методы высокотемпературных измерений. – М.: Наука, 1966. – С. 43.

М.Ж. Толымбеков, С. Байсанов, А.Ф. Чекимбаев, М.С. Жумашев, И.Я. Корсукова

Использование альтернативных видов восстановителей для оптимизаций электрического режима при выплавки ферросиликоалюминия

Аннотация. В данной статье приведены сравнительные результаты удельного электрического сопротивления брикетов пыли ферросиликоалюминия и восстановители традиционного метода для потребления брикетов в производстве в виде вторичного сырья. В результате полученное сырье вводится в производственный этап в качестве брикета, тем самым мы решаем проблемы экологического и экономического характера. В том числе, полученный брикет, оптимизирует электрический режим при выплавке ферросиликоалюминия.

Ключевые слова: пыль ферросиликоалюминия, брикет, удельное электрическое сопротивление, печь Таммана, газоочистки.

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

M.Zh.Tolyzbekov, S. Baisanov, A.F. Chekimbaev, M.S. Zhumashev, I.Ya. Korsukova

The use of alternative types of reductant for optimization of electric mode when smelting ferrosilicoaluminum

Abstract. This article shows the comparative results of specific electrical resistivity briquettes dust ferrosilicoaluminum and the traditional method for reducing the consumption of briquettes in the production of secondary raw materials. The result is the raw materials enter the production stage as a briquette, thereby we solve the problem of environmental and economic nature. In particular, the resultant preform, optimizes electric mode in the smelting of ferrosilicoaluminum.

Key words: dust of ferrosilicoaluminum, briquette, specific electrical resistivity, furnace Tamman, gas purification.

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

МРНТИ 53.81.29

М.Ж.ТОЛЫМБЕКОВ¹, А.Ф. ЧЕКИМБАЕВ¹, М.Қ. САҒИДОЛЛА², Ж.М. ТӨРЕҒАЛИ²,
А.Б. ДЖҰМАҒАЛИЕВ³

¹(Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институты, Қарағанды қ., Қазақстан)

²(Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан)

³(Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университеті, Теміртау қ., Қазақстан)

ТЕМІРЛІМАРГАНЕЦ КЕНДЕРІН ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРАДА БАЙЫТУДЫ ЗЕРТТЕУ

Андатпа. Бұл мақалада темірлімарганец кендерінен байыту арқылы алынған байытылған марганец шлагының электрондық микроскоп көмегімен жасалған көрсеткіштері келтірілді. Осы тақырып бойынша бүгінгі күнге дейінгі ғалымдардың жасалынған жұмыстар туралы мағлұматтармен таныса отырып, бірнеше тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде тәжірибелік жұмыстың мақсаты болып табылатын байытылған марганец шлагы алынды. Алынған өнімнің химиялық құрамы алдағы уақытта ферросиликомарганец қорытпасын балқыту талаптарына сәйкес келеді.

Түйін сөздер: темірлімарганец, пиролюзит, псиломелан, родохразит, гаусманит, якобит, манганит.

Темірлімарганецтің шикі кендерің дәстүрлі әдіспен байыту аса тиімді бола қойған жоқ. Тауарлы концентраттарға марганецтің өтуі 50 – 55% құрайды, себебі, қажетті металдың біршама бөлігі байыту фабрикаларының бөліктерінде жоғалады. Байытудың бірден-бір тиімі – темірлімарганец кендерін тотықсыздандырып күйдіру арқылы темір тотықтарын магнетитке немесе металдық темірге айналдыру [1]. Одан әрі қарай магнетиттің немесе металдық темірдің магниттік сепарация кезінде жойылуымен екі өнімді қатар алынады – темір және марганец концентраттарын. Бұл тәсіл көп танымал болғанымен бүгінгі күнге дейін марганец кені өндірісте магниттік сепарациялық байытуға түспеген. Күйдіріп байыту арқылы коцентраттарды, аралық өнімдерді немесе тотықты, корбонатты және аралас кендер қолданылады. Бұл жүйе арқылы тотықтар мен карбонаттарды гаусманитке (Mn_3O_4) айналдырады (кесте 1).

Тағы бір топ ғалымдар [2] марганец кенін байытудың күйдіру және флотациялық түрін зерттеген. Ол кезде алынатын өнімнің технологиялық қасиеттерінің өзгергені анықталған.

Химиялық әдіспен марганецті кедей кендерден бөліп алудың әртүрлі әдістері бар және қатаң классификацияларға ие емес. Карбонатты кендерді азотқышқылды әдіс арқылы өңдеудің мақсаты марганец тотығын бөліп алу. Темір қышқылды әдіс арқылы мөлшері 13 – 15% марганец болатын шламдарды байытуға болады [3]. Күкірт қышқылды әдіспен байыту туралы бірнеше ғылыми еңбектер мен мақалалар жарияланған [4, 5]. Осы үрдіс арқылы фосфор, темір, мышьяк және т.б қосындылардан айыруға мүмкіндік туған. Синтетикалық ерітінді көмегімен марганец кенін сілтілеу Орисса штатында (Үндістан) зерттелген [6]. Стехиометриялық шығындарға $FeSO_4$, Т:Ж = 1:10, 90⁰С температурасында 60 минутта 90% Mn өңделген.

Темірлімарганец кендерін байытудың тиімді әдісі – марганецке бай шлакты бөліп алу. Біздің жұмысымыздың да мақсаты марганецке бай шлакты бөліп алудың технологиясын зерттеу.

Ең бірінші жұмыста шикіқұрам материалдарының тигельмен салмағы – 194,15 грамм (салмақ өлшегіш ретінде «MWP-1500» маркалы таразы қолданылды). Тәжірбиелік жұмыс басталған кезде «тамман» пеші қосылмас бұрын шикіқұрам материалы толтырылған алундты тигель пеш ішіне салынды. Пеш ішіндегі температура 1200⁰С жеткен кезде алундты тигель

Раздел 1. «Металлургия. Технологии новых материалов»

ішіндегі шикіқұрам материалының отырғаны байқалды. Бұдан біз тотықсыздану үрдісінің басталғаның байқадық. Ал температура термопараның көрсетуі бойынша 1400°C-қа жеткен кезде пештен ақ түтін ұшып жатқаны көзге көрінді. Бұл жұмыста біз температураны 1570°-ға дейін жеткізіп 30 минут бойы тұрақты температурада қадағаланды.

Бұл жұмыста пеш температурасын қатаң бақылауға ала отырып, термопара көрсетуі бойынша температураны 1460°-тан асырмай 40 минут бойы тұрақтылықта ұстадым. Тәжірибе аяқталғаннан соң, бастапқы шикіқұрамның тәжірибе барысында 10,83% жоғалғаны анықталды. Алынған шлактағы марганецтің мөлшері, бастапқы шикіқұрамдағы марганецтің мөлшеріне қарағанда 9%-ға артқаны байқалған болса, ал темірдің мөлшері 2,7 есеге дейін төмендегенің көрсетті. Яғни, осы тәжірибе алдыңғы тәжірибеге қарағанда нәтижелі аяқталды.

Екінші тәжірибелік жұмыстағы көрсеткіштерді жоғары көтеру мақсатында үшінші тәжірибелік жұмыс жүргізілді. Үшінші тәжірибелік жұмыста температураны тағыда төмендетілді. Алдыңғы тәжірибеге қарғанда температураны 40°C-қа төмен түсіріп, яғни, 1420°C шамасында тұрақты температурада ұсталынды. Температураны бұдан да төмен түсіруге болмайтының теориялық жағынан қарастырылды. Себебі, темірдің төменгі тотығы тотықсыздану үрдісіне толық қатыспауы мүмкін болатын болды. Бірақ, тәжірибелік жұмыстың қортындысы, химиялық анализдің көрсеткіші бойынша алдыңғы жұмыспен салыстырғанда ешқандай өзгеріссіз қалды.

Соңғы әрі нәтижелі жұмыс – төртінші тәжірибелік жұмыс. Төртінші тәжірибелік жұмыс жасау кезінде шикіқұрам материалдары толықтай өзгертілді. Негізгі шикіқұрам материалы ретінде «Арман» кені қолданылса, К-12 коксы тотықсыздандырғыш қызметін атқарды.

1 - Кесте. Кеннің химиялық құрамы

Атауы	Құрамы, %							
	Mn _ж	Fe _ж	SiO ₂	Al ₂ O ₃	CaO	MgO	P ₂ O ₅	п.п.п
«Керегетас» кені	28,18	19,32	16,87	3,00	3,11	1,58	0,05	8,47
«Арман» кені	26,85	15,15	19,64	3,63	1,54	–	0,147	9,95

